

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

ПМУ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ПГУ

Филологическая серия
Издается с 1997 года

№ 4 (2015)

Павлодар

МАЗМҰНЫ**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**

Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации

№ 14210-Ж

выдано

Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Демесинова Г. Х., *к.ф.н., доцент*

Ответственный секретарь

Шахметова Н. А.

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Брицын В. М.,	<i>д.ф.н., профессор (Украина)</i>
Дементьев В. В.,	<i>д.ф.н., профессор (Россия)</i>
Еспенбетов А. С.,	<i>д.ф.н., профессор</i>
Жусип К. П.,	<i>д.ф.н., профессор</i>
Трушев А. К.,	<i>д.ф.н., профессор</i>
Казиминова И. А.,	<i>ст. науч. сотр. НАН, Украина</i>
Маслова В. А.,	<i>д.ф.н., профессор (Белоруссия)</i>
Пименова М. В.,	<i>д.ф.н., профессор (Россия)</i>
Ыскак Д.,	<i>д.ф.н., профессор</i>
Хасанулы Б.,	<i>д.ф.н., профессор</i>
Нургожина Б. В.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна

Абдуллаева Қ. М.

Қазақ жұмбақтарын жинаған орыс фольклористері12

Алтынбекова Г. Қ.О. Сүлейменовтың “Азия” шығармасындағы етістік лексикасының
семантикалық құрылымы21**Андрющенко О. К.**Орыс және ағылшын тілдік сана сезімдеріндегі «сұлулық»
концептісінің ассоциативтік шеңбері27**Әбдіқалық К. С., Жанұзақова Қ. Т.**

Сүйінбай Аронұлы шығармаларындағы мәтіндік айырымдар33

Бакраденова А. Б.Балалар өз ақынын тани ма... Ж. Смақовтың поэзиялық
шығармаларын қабылдату мәселесіне40**Баратова М. Н., Жүсіпов Н. Қ.**

Мәшһүр Жүсіп қолжазбасындағы қазақ ақындары47

Бектасова Ғ. С.А. Чехов және А. Куприн: «Адасқан ұрпақ» мәселесіне
(«Чёрный монах» («Қара тақуа») және «Поединок» («Жекпе-жек»)
шығармалары бойынша)52**Брицын В. М.**Модальдылық пен предикативтік категориялар:
олардың түсіндіру дәстүрі және жаңа тәсілдемелері59**Гертфельдер Д. В.**Николай Ставрогиннің тәубесі мен өкінуі: Ф. Достоевскийдің
«Жын» романының мифологиялық поэтикасындағы өрмекші
мен қазтамақтың архетипі72**Доскенова Қ. А., Қаирбаева Қ. Т.**

Символ, аллегория және метафора80

Ербол А., Қадырова Б. М.

Компьютерлік лингводидактиканың өзекті мәселелері89

Ергалиев Қ. С., Асанбаева Е. Б.

Публицистикалық тақырыптың зерттелу тарихы96

Жумагулова Г. К.Қазақ және ағылшын тілдеріндегі жанама қозғаушы
сөйлеу актілерінің мағыналық интерпретациясы103**Жұмашева А. Ш.**

Мәтінмен жұмыстың инновациялық тәсілдері110

Жұмашева А. Ш., Саметова Ф. Т.

Кеңістік когнитивтік категория ретінде117

Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н.

Мәшһүр Жүсіптің фольклоршылық қызметі122

2. Символ белгісіз бір нәрсеге нұсқау жасайды, ал метафора басқа белгісіз нәрсені көрсетпейді. Керісінше, метафораға белгілілік сипат тән.

3. Метафора шындықты тануды тереңдетеді, ал символ одан алшақтатады.

4. Метафора тілдегі мағынаны білдіреді, ал символ жалпы идеяны көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Байтұрсынов, А. Шығармалар: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы, 1989. – 224 б.

2 Жұмалиев, Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1960. – 364 б.

3 Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998. – 304 б.

4 Михайлова, А. А. Символ, аллегория, притча // Знамя, 1966. – №11. – 213-230 с.

5 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы, 1996. – 240 б.

6 Тодоров, Ц. Теории символа. – М., 2000. – 384 с.

7 Лосев, А. Ф. Проблема символа и реалистическое искусство. – М., 1976. – 367 с.

8 Каракузова, Ж. К., Хасанов, В. М. Космос казахской культуры. Алматы, 1993, 77 с.

9 Толыбеков, С. Е. Кочевое общество казахов в XVIII и начала XIX вв. – Алматы, 1971. – 634 с.

10 Мокшенок, В. М. В глубь поговорки. – М., 1975. – 174 с.

11 Залеский, Б. Казах сахарасына саяхат. – Алматы, 1991. – 131 б.

12 Аристотель. Сочинения. – М., 1983. – 830 с.

13 Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1997. – 256 б.

14 Арутюнова, Н. Д. Теория метафоры. – М., 1990. – 512 с.

Материал 29.09.15 баспаға түсті.

Қ. А. Доскенова, Қ. Т. Қайрабаева

Символ, аллегория и метафора

Медицинский университет Астана, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 29.09.15.

К. А. Doskenova, К. Т. Kairbayeva

Symbol, allegory and metaphor

Astana Medical University, Astana.

Material received on 29.09.15.

В данной статье рассматриваются особенности и различия

свойственные символу, метафоре, аллегории.

Peculiarities and differences characteristic to the symbol, metaphor and allegory are studied in this article.

ӨЖ 81'1

А. Ербол¹, Б. М. Қадырова²

¹магистрант; ²к.ф.н., доцент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

КОМПЬЮТЕРЛІК ЛИНГВОДИДАКТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Берілген мақалада автор компьютерлік лингвистиканың қалыптасу тарихына шолу жасаған және ақпараттық-компьютерлік технологияларды қолдану арқылы лингвистикалық білімді оқыту мәселелерін қарастырған.

Кілтті сөздер: компьютерлік лингвистика, ақпараттық-компьютерлік технология, лингводидактика, лингвистикалық білім, компьютерлік құралдар.

Тілдерді оқыту үрдісіне компьютерлерді ендірудің теориялық мәселелері компьютерлік лингводидактиканың зерттеу пәні болып табылады. Қазіргі кезде оны анықтаудың екі қыры бар: алгоритмдік және когнитивті-интеллектуалдық. Олардың негізінде жасалған оқытудың компьютерлік құралдары келесі параметрлермен ерекшеленеді:

– тілдерді меңгерту үрдісінде компьютердің функционалды мүмкіндіктерін жүзеге асыру деңгейі;

– компьютерді қолданушы мен компьютердің өзара қарым-қатынасының интерактивтілік деңгейі;

– танымдық әрекеттің түрлі модельдеріне бейімделу [1].

Компьютерлік лингводидактика тілді үйретуде компьютерді қолданудың теориясы мен практикалық мәселелерін зерттеумен айналысатын лингводидактиканың бір саласы. Ол қазіргі ақпараттық технологиялар заманында айрықша өзекті бола түсті. Компьютерлік лингводидактика қолданбалы және математикалық лингвистиканың дамуымен және жасанды интеллект, компьютерлік бағдарламалар дизайны, компьютерлік оқыту теориясы мен практикасы мәселелерімен тығыз байланысты дамуда. Тілді

компьютер арқылы оқыту мәселелерімен айналысатын ғалымдардың бірі М. Леви «адам мен компьютердің» ара қатынасын зерттеуде компьютерлік лингводидактиканың психологиямен де байланысы барын айтады. Ол өзінің «Компьютерді қолдану арқылы тілді үйрету: контекст және концептуализация» атты монографиясында (1997) лингводидактиканың өзге ғылым салаларымен байланысын былайша көрсетеді [2] М. Леви. Компьютерлік лингводидактиканың өзге ғылымдармен байланысы:



Компьютерлік лингводидактика саласының сан алуандылығы компьютерлік оқытумен айналысатын практик оқытушылар мен мұғалімдердің білімдерінің де жан-жақтылығын талап етеді.

Алғашқы кезде компьютерлік технологиялар лингвистикада және оны оқытуда пайдалану, лингвистикалық зерттеулерді, білім беруді компьютерлендіру аясында қарастырылғанмен, XX ғасырдың 80 жылдарында компьютерлік лингводидактика тілді оқыту әдістемесінің дербес саласы ретінде қалыптасты.

Ақпараттық технологияларды тілді үйретуде қолдану біздің елімізде негізгі екі бағыт бойынша даму үстінде: ана тілін оқытуда және екінші шет тіліне үйретуде. Бүгінде бұл екі бағыт бойынша көптеген компьютерлік оқу материалдары жасалып жатыр. Олардың қатарында мемлекеттік тілді оқытуға арналған Қ. Қадашеваның үш деңгейлік, Ф. Оразбаеваның алты деңгейлік кешенді оқулықтар жүйесі бар. Сондай-ақ, мемлекеттік тіл орталығынан ересектеге арналып жазылған «Жаңа толқын» электрондық оқу-әдістемелік кешенін, басқа да мемлекеттік іс қағаздарын үретуге бағытталған көптеген оқулықтарды айтуға болады. Жалпы білім беретін орта мектептің қолданыста жүрген оқулықтары негізінде де соңғы кезде электрондық оқулықтар даярлана бастады.

Компьютерлік лингводидактикада бұл оқу құралдарын жіктеудің, жүйелеудің көптеген түрлері бар. Оның көп болуы да заңды, себебі компьютерлік технологиялар дамып, білім беруде кең тарала бастады.

М. А. Бовтенконың еңбегінде компьютерлік материалдар мақсатына және олардың оқу үдерісімен үйлесуіне, тіл үйренушінің дербес әрекеті мен белсенділік деңгейіне қарай 4 топқа жіктеліп беріледі:

* жаттықтыру-бекіту материалдары (жекелеген дағдыларды қалыптастыруға бағытталады, бұл бағдарламалар оқу үдерісіне ендіріп, үйлестіруге ыңғайлы болып келеді);

* «тьюторлық» (оқу үдерісінде даралап оқытуға мүмкіндік береді, дәрісханада оқытуға қосымша көмек болады);

* модельдік (зерттеу жүргізуге, түрлі процестерді имитациялауға, осылайша өз бетімен әрекет ету барысында дербес ойлауға ықпал етеді, логикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді);

* оқу ойындары (модельдік оқу материалдарына ұқсас, бірақ мұнда бәсекелестік элементтері мен мақсаты басым болады) [3].

Компьютерлік оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға арналған А. И. Башмаковтың еңбегінде компьютерлік материалдарды жіктеуде педагогикалық мақсат-міндет басшылыққа алынады және мынадай жіктеу үлгісін ұсынады:

- теориялық дайындықты мақсат ететін құралдар (компьютерлік оқулықтар, компьютерлік оқыту жүйелері, білімді бақылауға арналған компьютерлік жүйелер);

- практикалық дайындықты мақсат ететін құралдар (компьютерлік епестер/практикумдар, компьютерлік тренажерлер);

- көмекші құралдар (компьютерлік лабораториялық практикумдар, компьютерлік анықтамалықтар, мультимедиялық сабақтар);

- кешенді құралдар (компьютерлік оқу курстары).

Компьютерлік материалдарды жіктеудің қосымша белгілері ретінде автор тағы да мыналарды келтіреді:

- телекоммуникациялық технологияларды пайдалану: автономиялық/желілік (аймақтық/жаһандық желілерге арналған оқу материалдары);

- ақпаратты ұсыну формасы (мультимедиялық/мультимедиялық емес) т.б.

Компьютерлік құралдар арқылы оқытуға арналған жіктемелердің көптігі және оларды талдауға деген ұмтылыс оларды топтастырудың жанрлық, типтік белгілерін зерттеуге деген үрдістің барын байқатады.

Сонымен қорыта келгенде, компьютерлік оқу құралдарының жіктелісін мынадай үш топқа біріктіруге болады:

1) ақпаратты біртектес жолмен ұсынатын оқу материалдары; мұндай оқу құралдары оқыту мазмұнына, жолдарына ешқандай жаңалық қоспайды, тек оны таратудың және сақтаудың қосымша жолын ұсынады.

Мұндай оқу материалдарын жазбаша басылымның электрондық нұсқасы деуге келеді.

2) гипер- және гипермедиа мәтіндер; оқу материалдарының бұл түрінде ақпарат біртектес жолмен берілмейді, мультисенсорлық жолмен ұсынылады. Ол білім алу үдерісін даралауға және белсендіруге мүмкіндік береді.

3) оқу үдерісін басқарып, тіл үйренушілердің әрекетін интерактивтік режимде ұйымдастыру мақсатында қолданылатын компьютерлік оқу материалдары. Мұндай оқу материалдарына оқу бағдарламалары, компьютерлік тренажерлер, модельдік бағдарламалар жатады.

Алайда бұлай үшке бөлудің өзі шартты, себебі оқу материалдарының әрқайсысы таза осы қалпында кездесе бермейді. Тек оның берілуіндегі басым белгілеріне қарай сөз қозғауға болады.

Сондай-ақ, бұл компьютерлік материалдар оқу үдерісінің нақты бір кезеңдеріне байланысты қолданылады да, кезеңдік сипат алады. Сол себепті компьютерлік материалдарды презентациялық, жаттықтыру, жаттықтыру-бақылау, бақылау және кешенді оқу материалдары деп те ажыратуға болады.

Тілді үйретуде компьютерлік оқу материалдарын қолданудың өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Компьютерлік оқу материалдарын жазбаша басылымдармен, аудио-, видеокурстармен салыстырғандағы басты ерекшелігі – оның оқу материалын ұсынудың технологиялық және әдістемелік артықшылығында. Бұл артықшылықтарға мына белгілері негіз болады:

- *даралап оқыту мүмкіншілігі;*
- *кең көлемді ақпаратты ұсыну мүмкіндігі;*
- *мәтінді, дыбысты, мультипликацияны, видео материалдарды қолдану арқылы түрлі қабылдау каналдарына әсер ету, яғни мультисенсорлық ықпал ету мүмкіндігі;*
- *тапсырмаларға оралу мүмкіндігі;*
- *кері байланыстың жеделдігі;*
- *синхрондық және асинхрондық режимде қашықтан оқыту мүмкіндігі;*

Компьютер әсіресе, тіл үйренушілердің әр түрлі тілдік жаттығу жұмыстарын орындау кезінде одан көп көмегін тигізеді. Негізінен мына әдіс-тәсілдер қолданылады:

1) Сұрақ-жауап диалогы, тапсырманың мәні компьютердің сұрағына тура жауап беру; сұрақ құрастыру үшін негізгі тілдік мәтін пайдаланылады.

2) Таңдап алынған жауаптар диалогы. Жауап беруші ұсынылған жауаптар тізбегінен өз жауабын таңдайды.

3) Бос орынды толтыруға арналған жаттығулар.

4) Сөздікті қаншалықты меңгергендігін бақылауға арналған жаттығулар: компьютер аударуды керек ететін сөздер тізімін ұсынады; орысша-қазақша жазылған сөздер ұсынылады. Олардың ішінен дұрыс эквиваленттерін тауып, жұп құрау қажет [4].

Компьютерлік оқу материалдары өзіне ғана тән көптеген белгілерге ие болып келеді. Олардың ең бастылары: интерактивтілік; мультисенсорлық ықпал ету; бейімділік; ақпараттың қалыптан тыс берілуі (нелинейность); дизайн ерекшелігі; оны пайдаланушының бағдарлама туралы білімінің болуы т.б. Бұл белгілердің электрондық оқу материалдарында болуы оның тіл үйренушіге ықпалын күшейте түседі.

Қазақстандық тілдік тұлғаның бойында қалыптасуға тиісті негізгі құзыреттіліктерді назарға ала отырып, компьютерлік оқыту бағдарламаларына келесі талаптар қойылады:

1. Тіл үйренушілердің қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға барлық қажетті жағдайларды жасау.
2. Үйренушілердің ақпараттық және мәдениеттік білімдерін көтеру.
3. Тіл үйренушілердің логикалық, рефлексиялық ойлауын дамыту.
4. Ақпараттық ортада өзін-өзі мәдени дамытудың психологиялық алғышарттарын қалыптастыру.
5. Оқу уәждемесін арттыру және өнімді оқу-танымдық әрекетті дамыту.
6. Қазақ тілін өз бетімен автономды түрде оқу технологиясын меңгерту.
7. Эмпатия мен толеранттықты қалыптастыруға әсер ету.
8. Мәдениеттер диалогы субъектісінің тұлғасын қалыптастыруға әсер ету [5].

Компьютерлік оқыту дегеніміз- оқытудың техникалық құралдарының бірі компьютер мүмкіндіктерін қолдану болып табылады. Оны қазіргі уақытта электронды оқыту деп атауда. Электронды оқыту жүйесі рецептивті және интерактивті болып екіге бөлінеді. Интерактивті жүйе дербес компьютерді қолдану, бейнемагнитофон, бейне дискілі құрал, теледидар кешендері негізінде құрылады, білім алушы мен техника құралдары арасында екі жақты қарым-қатынас орнайды, көрнекілік пен кері байланысты қамтамасыз етеді. Олай болса, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын техникалық және адам ресурстарын және олардың өзара әрекеттесуін ескере отырып, білім беру формаларын оңтайландыру үшін рецептивті немесе интерактивті түрдегі электронды оқытуды жасау және жүзеге асырудың жүйелі әдісі деп санауға болады. Электрондық оқулық – ғылыми-педагогикалық құрал.

Электрондық оқулықтардың тиімділігі:

– теориялық материалды өз бетімен оқып үйренуге, зерттеуге мүмкіндік береді;

– сабақты иллюстрациялық материалдармен жабдықтауға көмектеседі;

– сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әр түрлі деңгейлі шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік береді [6].

Ғалым Қ. Қадашева былай дейді: «Жаңаша жаңғыртып оқыту, жоғары белсенділікті дамыту және деңгейлік оқыту әдістемелерін жоғары дәрежеде дамыту оқытудың техникалық және электронды құралдарын жан-жақты

пайдаланғанда ғана толық орындалады [7, 148]. Бірақ оқытудың жаңа техникалық және электронды құралдарын тиімді пайдалану оқытушының шеберлігіне байланысты.

Мультимедиялық технологиялардың қызықты мүмкіндіктері электрондық оқу құралдарын жасауды және де басқа оқып үйренуге арналған құралдар жасауда көп қолданылады. Мультимедиялық технологияларды кеңінен қолдану оқытудың қазіргі компьютерлік технологияларын дамытудың жаңа бағыттарын дамытуға зор үлес қосып келеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту үдерісі оқытушының жаңаша оқу қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашуы керек [6].

Содай-ақ, компьютерді тілді оқытуда тиімді қолдану оның қолданбалы лингвистикалық аспектісінің де жеткілікті болуын қажет етеді. «Тіл білімінде сандық, математикалық, ойлауды жиі қолданып, оны мейлінше нақты ғылымдарға жақындату» (Бодуэн де Куртене) ісі кейінгі кезде қазақ тіл білімінде қарастырыла бастады. Бұл бағыттағы А. Жұбановтың зерттеулері айрықша назар аудартады. Статистикалық, математикалық әдістерді тілге әкелу бір жағынан қазақша мәтін түзу үдерісін зерттеуге әкелсе, екінші жағынан тілдің сапалық қызметін сандық көрсеткіштермен нақты көрсету мүмкіндігі болады. А. Жұбановтың сөзімен айтқанда «тілдің аса күрделі түрдегі сан алуан параметрлі көп қабатты жүйе екенін ескерсек, онда ықтималдық теория, математикалық статистика, ақпарат теориясы және т.б. ғылыми салалар әдістерін қолданудың мүмкіндігі кең екені байқалады. Әсіресе, бұл әдістер сөйлеу тәжірибесінде жиі кездесетін белгілі бір кешенді шарттарға байланысты тілдік кездейсоқтық құбылыс заңдылықтарын қарастырғанда ыңғайлы» [8,19]. Мұндай зерттеулер тілдің теориялық қырларын қарастыруда басшылық жасайды, компьютердің лингвистикалық базасын қалыптастыруға негіз болады. Ал оның дидактикалық қырын, компьютерге жазылған оқу мәтіндерін дидактикалық арнайы мақсатқа бағындырып орналастыру, оқытушыға ықпалын, оқуға тиімділігін қамтамасыз ету бөлек мәселе.

Сонымен оқыту үрдісінде компьютерді басқа құралдармен салыстырғанда оның басымдылығы жоғары:

- әр түрлі жұмысты тез және қысқа мерзімде орындай алуы;
- бейнелеу мүмкіндігінің жан-жақтылығы;
- дидактикалық мүмкіндігінің жоғары деңгейлігі.

Тіл меңгертуде компьютерді қолдану мынадай мүмкіндіктер береді:

- тіл үйренушінің өз бетімен жұмыс істей алуы;
- компьютердегі сілтемелерге сүйене отырып, өз іс-әрекетін өзінің

басқара алуы;

- өз қатесін өзі тексеріп, өзі түзете алуы;
- тапсырмаларға қайта орала алуы;

Қазіргі жоғары оқу орындарына дендеп ене бастаған қашықтан оқыту жүйесі, мектептердегі электрондық оқу құралдары компьютерлік лингводидактиканы ғана емес, жалпы компьютерді дидактиканың құралы ретінде пайдалануда психологиялық, педагогикалық, нейрофизиологиялық, психолингвистикалық аспектілерін кешенді түрде зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Городецкий, Б. Ю.** Компьютерная лингвистика: моделирование языкового общения. – Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXIV, Компьютерная лингвистика. – М., 1989.
- 2 **Левин, М.** Компьютерді қолдану арқылы тілді үйрету: контекст және концептуализация. Монография. – М., 1997.
- 3 **Бовтенко, М. А.** Компьютерная лингводидактика. Учебное пособие. – М., Флинта, 2005.
- 4 **Айтбаева, Б. М., Ордабаева, З. З.** Қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды ұтымды пайдалану. – Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, 2012.
- 5 **Құрманбаева, Ш. Қ.** Қазақ тілін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. – С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, 2007.
- 6 **Мусажалиев, Б. К.** Ақпараттық технологияларды сабақта қолдану. – Батыс Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, 2014.
- 7 **Қадашева, Қ.** Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. – А., 2000.
- 8 **Жұбанов, Қ. А.** Қолданбалы лингвистика: Қазақ тілінің статистикасы. – А., Қазақ университеті, 2004.

Материал 12.11.15 баспаға түсті.

А. Ербол, Б. М. Кадырова

Основные проблемы компьютерной лингводидактики

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 12.11.15.

A. Erbol, B. M. Kadyrova

Main problems of computer linguodidactics

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 12.11.15.

In this article, the author describes the emergence of computational linguistics and learning problems of linguistic knowledge, using information and computer technology.

ӘОЖ 81'373

Қ. С. Ереалиев¹, Е. Б. Асанбаева²

¹фил.ғ.к., Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.;

²магистрант, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПАТТЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Мақалада публицистикалық тақырыпаттың зерттелу жайы сипатталған.

Кілтті сөздер: публицистикалық тақырыпат, мәтін, қазақ тіл білімі, лингвистика, грамматикалық, стилистикалық, публицистикалық стиль.

Тақырыпат публицистикалық мәтіннің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде ғалымдардың назарын ертеден аударғаны белгілі. Қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Ә. Болғанбаев, М. Балақаев сынды ғалымдар бастап, кейіннен Т. Қордабаев, Р. Сыздықова, С. Исаев, Ғ. Қалиев, Б. Әбілқасымов, А. Алдашевтер жалғастырған зерттеушілер тобы публицистикалық мәтінді, жалпы баспасөз тілін грамматикалық, стилистикалық, лексика-семантикалық және жанрлық қырларын қарастырады.

Әлемдік тіл білімінде де осындай сипаттағы еңбектер көптеп жарияланды. Десе де, газет тақырыпатынан бұрын ғалымдардың назары алғаш баспасөз тілінің өзіне түсті. «Баспасөз тілі заманауи тілден көрініс беріп қоймай, оны қалыптастырады» [1, 52], сондықтан оны тереңірек зерделеу бірден өзекті мәселелердің біріне айналды.

Дүниежүзілік лингвистикада БАҚ-тағы, соның ішінде газет-журнал беттеріндегі жаңалықтардың өндірісі, мазмұны және құрылым мәселелерін зерттеуге деген ғалымдардың үлкен қызығушылығы 1970 жылдардың ортасынан бастап байқала бастады. Батыс әлемінде лингвистика әлеуметтік

ғылымдардың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатындықтан, көптеген жұмыстар социологиялық бағытта жазылды. Сол себепті де бұл тақырыптағы зерттеулердің бастамасы көбіне-көп социологиялық, структуралистік мектептердің өкілдеріне тиесілі (Tudor, 1974; Königsberg, 1987; Livingstone, 1990; Hayward, 1996). Алғашқы ғылыми зерттеулер жаңалықтарды жинақтау, өңдеу және басып шығару, бұл үрдістің өзіндік ерекшеліктерін тануға бағытталды (Tunstall, 1971; Boyd-Barret, 1980 т.б.). Енді бір топ ғалым баспасөздегі жаңалықтарға идеологиялық тұрғыда сараптама жүргізумен айналысты (Hall, 1981; Cohen, Young, 1981). Бұл бағыттағы зерттеулер кейін де жалғасын тауып, күні бүгінге дейін жарияланып келеді (Hodge, Kress, 1988; Neale, 1980).

Уақыт өте келе ғалымдар баспасөз тілін лингвистиканың жекелеген салалары мен аспектілері тұрғысында зерделей бастады. Айталық, бірқатар зерттеулер (Tuchman, 1978; Fishman, 1980) газеттегі хабарламаларды этноәдіснамалық тұрғыда қарастырса, енді бірі ондағы дискурс мәселесіне назар аударды (Wodak, 1989; Dellinger, 1995 т.б.).

Кейінгі уақытта ғылым дамып, лингвистикада жаңа салалар пайда болған соң, БАҚ-ты, әсіресе ондағы баспасөз тілін түрлі аспектіде зерттеуге арналған еңбектер саны да еселеп артты. Олардың барлығын тізіп жазып, жекелей сараптама жүргізу қиынға соқтыратыны хақ.

Көршілес орыс тіл біліміне келер болсақ, мұнда да публицистикалық мәтін түрлі қырынан ғалымдардың зерттеу назарына ілінді. Баспасөз тілі Г. О. Винокурдың лексикология және әдеби тіл тарихына арналған жалпы еңбектерінде зерделенді. Ол сан алуан жазба әдебиеті жанрларының арасынан газет тілінің өзіндік белгілерін анықтауға тырысты. Баспасөз тілін функционалды-стилистикалық тұрғыда зерттеуге негіз салған ғалымның бұл бастамасы кейін 60-70 жылдары В. Г. Костомаров, В. П. Вомперский, Д. Э. Розенталь, Г. Я. Солганик, А. А. Абрамович және т.б. еңбектерінде жалғасты. Бұл кезде газет жанры стилистика тұрғысынан, жазба әдебиетінің бір бөлімі ретінде зерттелгенмен, сол кездің өзінде А. И. Ефимов: «уақыт өте келе, тиісті материалдар жинақталып, қажетті зерттеулер жүргізілген соң стилистикадан оның ғылыми тіл стилистикасы, публицистикалық тіл стилистикасы, фольклор шығармаларының стилистикасы және т.б. сияқты құрамдас бөліктері бөлініп шығып, жеке дара салаға айналуы мүмкін» [2], – деп болжап кеткен.

Мұнда газет тілін зерттеуге арналған алғашқы монографиялар мен ғылыми еңбектер 1970 жылдары жариялана бастады. Солардың бірі – В. Г. Костомаровтың «Русский язык на газетной полосе» атты еңбегі. Автор баспасөздегі екі өзара кереғар үрдіс – экспрессияға және стандартқа деген талпынысты атап өтіп, оны публицистикалық стильдің конструктивті принципі ретінде қарастырады. Газет тіліне қарым-қатынас теориясы